

«ҚОБЫЛАНДЫ БАТЫР» ЖЫРЫНДАҒЫ ТҰЛПАРЛАР БЕЙНЕСІН ОҚЫТУ ӘДІСТЕРІ

Маруақызы Толғанай,

«Қазақ тілі мен әдебиеті» пәнінің мұғалімі,
№21 Әл-Фараби атындағы мамандандырылған гимназия,
Қазақстан, Ақтөбе

Түйіндеме: Мақалада «Қобыланды батыр» жырындағы тұлпарлар бейнесі және оны оқытудың маңызы қарастырылған. Халық ауыз әдебиетінің көлемді де күрделі жанры есептелетін батырлар жырындағы тұлпарлар бейнесін оқытудың әдістері келтірілген. Жаңа ғасырдың адамзат санасына төңкеріліс жасаған заманында білім сапасын жақсарту үшін, оқушыға беріліп отырған білім нәтижелі болуы үшін әдебиеттің көркемдік әлеміндегі шындықты аша білудің қажеттілігін айқындауға бағытталған. «Қобыланды батыр» жыры сияқты ауқымды, эпостық жырларды мәнерлеп оқу - оқушыға шығарманы меңгерудің ең тиімді жолы деп тапқан.

Кілт сөздер: ауыз әдебиеті, батырлар жыры, Қобыланды батыр, оқыту жолдары, тұлпарлар бейнесі, әдіс-тәсілдер;

Көшпелі өмірді басынан ұзақ өткізіп, оның көп бөлігін жаугершілікке арнаған халық үшін жылқы малының қадір-қасиеті ерекше. Тұлпар образы халық ауыз әдебиетінің ішінде батырлық эпостарда аса кемелденген, көркемдік дәрежеге көтерілген бейне ретінде танылады. Батырлық жырларда тұлпар бейнесі кейде батырдың сүйген жары, сүйікті ата-анасынан да алға озып шығады. Сол себепті батырлар жырын оқыту барысында тұлпарлар бейнесіне арнайы тоқталып өткен жөн. Әдебиет тарихын зерттеуші М.Әуезов «...*Батыр жалғыз өз басымен ғана батыр емес, осындай қанаты сияқты болған атымен батыр. Қобыланды бұрынғы қазақ елі сияқты әрі көшпелі, әрі бақташы болған елдің батыры. Кәсібі осындай болған елге - ат ең қымбат, ең жақын серіктің бірі боп саналады. Тайбурылдың бар сипаты сол себепті үлкен сипат боп, тіпті адам сипатындай боп, ұлғайтылып айтылады*»[1],- деп тұлпар бейнесін асқақтата көрсетеді.

М.Әуезовтің Қобыландының Тайбурылына тоқталуы бекер емес. Тұлпар образының ең кемел, көркем үлгісі осы жырда ашылады. Тайбурылдың шабысы эпостың шамамен 450 тармағында суреттеліп, көптеген бөліктерден тұратын күрделі құрылымға ие болып келеді [2,94].

Әрі академик Қ.Жұмалиев те 1941-1942 жылдары орта мектептің 8 - класына арнап жазған «Қазақ әдебиеті» оқулығы мен 1958 жылғы «Қазақ эпосы мен әдебиет тарихының мәселелері» еңбегінде «Қобыланды батыр» жырына бірінші тоқталады.

Дәстүрлі оқыту жүйесінде 6-сыныпта оқытылып келген «Қобыланды батыр» жыры, жаңартылған білім беру бағдарламасында 5-сыныптарда оқытылады (оқулық авторлары: *Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р.*). Жырдың бізге дейін жеткен 29 нұсқасы бар болса, соның оқулықта берілген мәтіні Мергенбай жыраудың нұсқасынан алынған. Көп нұсқалылығы мен мәтінінде көнерген сөздердің көптеп ұшырасуы, көлемділігі – батырлар жырын оқытудағы басты мәселе. КСРО Мемлекеттік сыйлығының иегері, республикаға еңбегі сіңген ұстаз Қ.Бітібаева: *«Ұзақ жырға, әрі оқиғалары да күрделі жырға жоспар құру балалардың жырдағы басты оқиғаларды тез қабылдауы, аңғаруы, әрі сол бойынша мазмұнын жүйелі түрде тұжырымды етіп айтып беруіне көмек-нұсқау рөлін атқарады»*, [3,129]-деп жырды оқытудың тиімді жолдарын ұсынады.

Мектептегі оқыту процесі оқыту әдістері арқылы жүзеге асатындықтан, әдісті сабақ мақсатына қарай іріктеп алып, шебер пайдалана білу керек. Әдебиетті оқытуда қолданылатын: *сөздік әдіс, көрнекілік әдіс, тәжірибелік әдіс, түсіндірмелі-иллюстративтік әдіс немесе репродуктивтік әдіс, эвристикалық әдіс (ішінара іздендіруші), зерттеу әдісі, өзіндік жұмыс әдісі, проблемалық баяндау әдісі, мәтінді көркемдеп, мәнерлеп оқудың орны ерекше.*

Тұлпарлар бейнесін оқығанға дейін оқушылар жырмен толықтай танысады. 5-сынып оқушылары үшін тұлпардың бейнесін елестетуге жырды оқып қана қою жеткіліксіз. Әдіскер ғалымдардың көпшілігі көркем шығарманы оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдерді мұғалім бір-бірімен астастырып, байланыстырғаны ұтымды деп есептейді. Байланыс болу үшін сабақтың шымалдығын жылқы малының қазақ халқының танымымен

үндестігін, қадір-қасиетін жекізетін мұғалімнің кіріспе сөзі болғаны дұрыс. Ол *сөздік әдісі* арқылы жүзеге асады. Балалардың визуал, аудиал ерекшелігін ескерген мұғалім осы мазмұндағы АКТ арқылы көрсетілетін бейнебаян немесе тұлпардың тұяғының дүбірі ойнайтын аудиожазбалар, тақтаға ілінген батыр мен аттың картиналарын *көрнекілік әдіс* арқылы жүзеге асыра алады.

Жырда бір емес бірнеше тұлпар бейнесі сомдалады. Тұлпардың иесін анықтау үшін «Әдебиет лотосы» пайдаланған тиімді. Бұл әдіс қазіргі әдебиет сабақтарында қолданылып жүрген ең қарапайым әрі шапшаң әдіс. Әдісті қолдануда оқушының жас ерекшелігіне мән беруді ұмытпаған жөн. Бастауыш сатысынан негізгі буынға енді өткен оқушы үшін ұзақ жырды оңай әдістер арқылы талдап бастаған дұрыс. Жырдың басты кейіпкерлері жазылған кестеге оқушылар белгілі бір уақыт ішінде тұлпарлардың атын жазып шығуы тиіс. Мысалы,

«ӘДЕБИЕТ ЛОТОСЫ»					
Кейіпкер:	Қобыланды	Қараман	Көбікті	Қарлыға	Алшағыр
Тұлпары:	1. Тобылғы менді торы ат 2. Тайбурыл	Көкбесті	Тарлан ат	Ақмоншақ	Қара қасқа ат

«Қобыланды батыр» жыры сияқты ауқымды, эпостық жырларды мәнерлеп оқыту - оқушыға шығарманы меңгертудің ең тиімді жолы. «Поэзиялық шығарманы сазына, ырғағына келтіріп келістіре, *мәнерлеп оқу* – шығарманы талдаудың бастапқы сатысы. Оқи білу дегеніміз – оқушыны шығармаға сүйсіндіру, оның көркемдік ойына терендету, шығарманы тану, бағалау деген сөз»[4, 21]. Арнайы оқу мақсатында көрсетілмесе де *мәнерлеп оқу* әдебиеттегі ең белсенді әдіс. Жырда басты кейіпкер Қобыланды болғандықтан Тайбурыл бейнесі шебер суреттелген. Жыршы көркем сөз айшықтарын аса талғампаздықпен қолданып, аттың тек сұлу

мүсінін ғана емес, оның «бір төбенің тозаңын бір төбеге қосатын» шабысын да көркем бейнелеген. Жырдағы тұлпар бейнесін басты эпизодтарға бөлу, мәнерлеп оқу, ізінше мазмұндатып отыру, мазмұндауды сұрақ-жауап әдісімен жүргізу, басты оқиғаларын айтқызу, көркемдегіш құралдарды анықтау – мұғалім шеберлігіне байланысты.

Тұлпарды сүйген, көшпелі өмірін ат үстінде өткізген халық оның сырт көрінісін, сұлулығын сипаттамай қоюы мүмкін емес. Қазақ әдебиетінде бұл тақырыпты қозғамаған қаламгер кем де кем. (Абай «Аттың сыны», I. Жансүгіров «Құлагер», С.Сейфуллин «Қызыл ат» т.б.).

«...Жан серік атым қолында,

Алты жыл болды баққалы,

Түндікпенен күн беріп,

Түтікпенен су беріп»[5,51]

немесе

Атының күні толмай тұр,

Зор салмасын жолбарысқа (метонимия)

Тілімді алса сұлтаным

Бұл сапарға бармасын,

Бұл олжадан алмасын...

Біз байлаған Бурылда,

Қырық үш күндік кемдік бар...» [5,51]

Осы орайда оқушыларға халықтың төрт түлікті баптаудағы даналығы Құртқа қыздың Тайбурылды нағыз жүйрік етіп баптауынан көрінетінін айтып өту қажет. «Қобыланды батыр» жыры өн бойына көркемдегіш құралды түгел жинаған құнарлы туынды. Сол себепті әр кейіпкер образына тоқталып, оны мәнерлеп оқыту барысында оқушыны теориялық ұғымдармен де таныстырып отырған абзал. Оқулықтағы *гиперболаға* ғана берілген анықтама жырдың көркемдік ерекшелігін ашуға жекіліксіз. Оқулықты тек *ресурс* ретінде қабылдайтынымызды ескерсек, оқушыға

эдеби-теориялық ұғымдар туралы қосымша ақпарат берілгені дұрыс. (сөздік әдіс)

«...Тузғалы күнді көрмеген

Түнектен шыққан Тайбурыл

Айдалаға шыққа соң

Түлкідей көзі жайнайды, (теңеу)

Қаруы сыймай қайнайды,

Көлденең жатқан көк тасты,

Сұлығым деп шайнайды.

Он екі құлаш кезеңнен,

Атылып Бурыл ойнайды.

Қыз Құртқаны көтеріп,

Бурыл көкке екі ұшты.

Салмағымен Қыз Құртқа

Алып жерге бұл түсті. (әсірелеу)

Жырда Қобыланды бір емес бірнеше жаумен айқасқа түседі. Сондықтан Тайбурылға да қарсы күштер табылып отырады. Әсіресе Көбіктінің жылқысын алуға барғандағы Тарлан аттың бейнесін Тайбурылмен қарсы қоюға болады. Оқушыларға салыстыруды «Венн» диаграммасы арқылы орындауды ұсынамыз (практикалық әдіс):

1. Кімнің тұлпары;
2. Жорықтағы бейнесі;
3. Көркемдегіш құралдар;
4. Айырмашылықтары;
5. Ұқсастықтары;

Хрестоматиядан алынған үзінділер:

ТАЙБУРЫЛ

Сонда Бурыл гуледі,
Табаны жерге тимеді,
Көлденең жатқан көк тасты
Саз балшықтай иледі...
Арандай аузын ашады,
Аяғын топ-топ басады,
Бір төбенің тозаңын
Бір төбеге қосады. (әсірелеу)

Қобыландыдай батырың
Бурыл атқа «шу!» деді,
Бүктеле беріп жазылып,
Бурыл бұлқып, гуледі,
Алы қабат орынан
Жетінші қабат қалаға (әсірелеу)
Қояндай ырғып жөнелді (теңеу) [5,56]

ТАРЛАН АТ

Көбіктінің Тарлан ат,
Жылқы ішінде тұр екен.
Жамандатқыр Тарлан ат (эпитет)
Құйрығын құстай тарады (теңеу)
...Әуеге қарап есінеп,
Ием бе деп кісінеп,
Жау екенін білген соң,
Сыртына құйрық салады,
Қайта айналып шаһарға
Тарлан ат қашып барады.
Жалғаса қуған екеуі,

Қарасын көрмей қалады.

Қашып барып Тарлан ат,

Шаһарына барып еніпті. [5,61]

Қорытынды сөзімізде, оқулық мұғалім үшін тек ресурс екенін қайталап өткіміз келеді. Жалпы білім беретін мектептің 5-сынып оқулығында жырдағы тұлпарлар бейнесін талдау Блум таксономиясының «Қолдану» кезеңімен ғана шектелген. Алайда бұны кедергі деп қабылдамаған жөн. ХХІ ғасыр мұғалімі жаңашылдыққа жаны құмар, үнемі шығармашылықпен айналысатын, жаңа технологиялармен қаруланған ізденіс иесі болуы шарт. Ахмет Байтұрсынов: *«Бұрынғы жаугершілік заманда халық тән есебінде болған да, батырлар жан есебінде болған. Сондықтан батырлар турасындағы әңгіме – халық жаны, рухы турасында әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рух жағы да сондай болған»* [6, 236] деп келтіргеніндей, халық үшін батыры қандай елеулі болса, ер үшін де ардақты тұлпарын оқыту, оның ұлттық мүддеміз үшін маңызын ұрпақ санасына сіңіру қажет. Әдебиет мұғалімінің міндеті – жас ұрпақты жауыздықтан ада болуға, қайырымдылыққа, адамгершілікке тәрбиелеу болса, ол тәрбие алдымен көркем шығарма арқылы оқушы кеудесіне ұялауы тиіс.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

1. Әуезов М. Қобыландының Тайбурылы туралы, <https://bilim-all.kz/article/7060>
2. Көшекова А.А. Қазақ эпосындағы ат образы, дисс. - Алматы, 2009.
3. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі мен технологиясы: Екінші басылымы. – Алматы: «Мектеп» баспасы» ЖАҚ, 2003. – 336 бет.
4. Ақшолоқов Т. Қазақ әдебиетін оқыту. Методикалық нұсқау, – Алматы: «Мектеп» баспасы», 1995.
5. Қазақ әдебиеті: Хрестоматия. Жалпы білім беретін мектептің 5-сыныбына арналған оқу құралы. Тұрсынғалиева С.Ч., Зайкенова Р. – Астана: «Арман-ПВ» баспасы, 2017. – 176 бет.
6. Байтұрсынов А. Шығармалары: өлеңдер, аудармалар, зерттеулер. – Алматы: Жазушы, 1989.- 320 б